

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	122
Жинақтағы беттері	569-572
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 343.611
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Таушанов Аян Танатович
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор лектор Төлегенова Ә.А.
Мақала атауы	ҚАСАҚАНА ЖӘНЕ АБАЙСЫЗДА ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАР: АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ҚАСАҚАНА ЖӘНЕ АБАЙСЫЗДА ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАР: АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Таушанов Аян Танатович

[Taushanov.ayan@bk.ru](mailto:Taushanov.ayan@bk.ru)

Құқық қорғау қызметі ББ 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор лектор Төлегенова Ә.А.

Қылмыстық құқық – құқық саласының іргелі және жетекші салаларының бірі. Ол қылмыстық жауапкершіліктің негіздерін, қылмыстық әрекеттердің жазаланушылығын, жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын, сондай-ақ қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату тәртібін айқындайтын құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері: ҚР Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шаттар, ҚР Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қасақана және абайсызда жасалған қылмыстарға байланысты әртүрлі жаза түрлері қарастырылған. Бұл мақалада осы екі кінә нысанының ерекшеліктері, олардың теориялық негіздері және сот тәжірибесінде маңызы талданады.

Қылмыстық құқықта кінәнің нысанын дұрыс анықтау – әділетті сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды шарты. Қасақана қылмыс қылмыстық ниетпен жасалса, абайсызда жасалған қылмыстар адамның салғырттығы, жауапсыздығы немесе өзге де себептердің нәтижесінде туындайды. Бұл айырмашылық кінә дәрежесін анықтауда, жаза тағайындауда және қылмыстық жауапкершілікті белгілеуде маңызды рөл атқарады.

Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған әрекет. Адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, қылмыс тікелей ниетпен жасалған қылмыс деп танылады. Адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін алдын ала білсе, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, қылмыс жанама ниетпен жасалған қылмыс деп танылады. [1]

Осы тақырыптың өзектілігі – қылмыстық құқықтың әділеттілігі мен заңдылығын сақтау үшін кінә нысандарын дұрыс саралау қажеттілігінде. Тергеу кезінде кінәнің нысанын дұрыс анықтау – айыпталушыға әділ жаза тағайындау мен қылмыстың алдын алу шараларын дұрыс қалыптастырудың негізгі фактары. Қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз – қылмыстық заңмен тыйым салынған қоғамға қауіпті немесе қауіптілігі төмен, әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыстық құқық бұзушылық қылмыс және теріс қылық болып екі түрге бөлінеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі белгілері: қоғамдық қауіптілік, заңға қайшылық, кінәлілік және жазаланушылық. Белгілі бір іс-әрекетті қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық деп тану үшін жоғарыда көрсетілгендей белгілерімен қатар қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық элементтері болуы қажет. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері: объекті, объективті жағы, субъекті, субъективті жағы. [2]

Осы мақалада талқыланатын қылмыстың субъективті жағы – бұл қылмыстың ішкі көрінісі, яғни кінәлі адамның өзі жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекет және оның салдарына деген психикалық қатынасын айқындайтын элемент. Оның белгілері: кінә, мотив, мақсат, адамның қылмыс жасаған уақыттағы эмоциялық, психикалық күйі. Бұл белгілер әртүрлі мазмұнға ие болғанымен, олар өзара тығыз байланысып, субъективтік жақтың біртұтас құрылымын қалыптастырады, себебі қылмысты жасаушы адамның санасы сен психикасында

орын алатын процестерді сипаттайды. Дегенмен, олар білгілі бір деңгейде өз алдына дербес мәнге ие болып, әртүрлі қылмыстық-құқықтық маңызға ие болады.

Кінә – адамның өзі жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетке және оның салдарына деген психикалық қатынасы. Кінәсіз зиян келтіргені үшін жауаптылықты жол берілмейді. Кінә, қасақана және абайсызда болып екі түрге бөлінеді. Қасақана – адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамдық қауіптілігін түсіне отырып, оны саналы түрде жасауы. Абайсызда – адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамдық қауіптілігін алдын ала болжай алмауы немесе болжаса да, оған немқұрайлы қарауы. Адамның өзі жасаған әрекетке деген байланысы санамен және ерікпен айқындалады. Яғни интеллект және ерік кінәнің құрылымдық элементтерін құрайды. Интеллектуалдық белгі – адамның өзінің мінез-құлқынның фактілік жағын, іс-әрекеттің қоғамға қауіпті сипатын, оның бағытталған объектісінің маңыздылығын түсінуі. Егер қылмыс материалдық құрамға ие болса, интеллектуалдық белгі сондай-ақ қоғамға қауіпті салдардың мүмкіндігін немесе сөзсіз орын алатынын алдын ала білуін де қамтиды. Осы әрекет арқылы ол өзінің әрекеті мен оның салдары арасында себептік байланысты бағалайды. Ерікті белгі – қасақана қылмыстарда адамның өз әрекетін белгілі бір мақсатқа саналы түрде бағыттауы арқылы көрінеді. Ал абайсызда жасалған қыомыстарда – адамның іс-әрекет салдарын елемей, немқұрайлылық танытуы түрінде көрініс табады.

Қасақана кінә тікелей және жанама қасақаналық болып бөлінеді. Тікелей қасақаналық – адамның өзінің әрекеті немесе әрекетсіздігі арқылы зиян келтіретінін біле тұра, оны саналы түрде жасайды және оның салдарының орын алуын қалайды. Жанама қасақаналық – адам өз әрекетінің қауіптілігін түсінеді, оның салдарының орын алуы мүмкін екенін біледі, бірақ оған немқұрайлы қарайды. Абайсыздық кінәсі менмендік және немқұрайлылық болып екі түрге бөлінеді. Менмендік дегеніміз – адам өзінің әрекеті арқылы қауіпті салдардың болуы мүмкін екенін біледі, бірақ олардың алдыналуға қабілетті деп ойлайды. Немқұрайлылық – адам өз әрекетінің қауіпті салдары болатынын түсінбейді, бірақ бұл салдарды алдын ала ойлауы тиіс еді.

Қасақаналық жасалған қылмыстарға тән белгілер ретінде мотив және мақсатты жатқызамыз. Яғни субъективті жақтың қосымша белгісі болып саналады. Абайсыздықтан жасалған қылмыс, абайсыздықтан болатын қылмыскерлік, қылмыскерлік түсініктердің өзара қатынасы жеке, ерекше және жалпы деп аталатын категориялар қатынасын диалектикасын көрсетеді бұл жерде жеке деген ұғым абайсыздық салдарынан болған нақты бір қылмысты, ал жалпы ұғымы- бүкіл қылмыскерлікті білдіреді. Бірақ, бұл жеке және жалпы деген екі категорияның арасын абайсыздық қылмыскерлігі байланыстырып отырады.

Сонымен, абайсыздықтан болатын қылмыскерлік, жалпы қылмыскерліктің бір бөлігі ретінде қаралуы тиіс. Жалпы қылмыскерлікке тән таптық қасиет, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде өмір сүру заңдылығы, оның пайда болу себебі, жағдайы және жою жолдары туралы жалпы қдшда сияқты белгілер абайсыздық қылмыскерлігіне де тән. Қылмыстың мотиві дегеніміз – бұл адамның қылмыс жасауға деген ішкі түрткілері, яғни оны қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауға итермелейтін себептер. Қылмыстың мақсаты- адамның қылмыс жасау арқылы жетуді көздеген нәтижесі. Қасақаналық пен абайсыздықты дұрыс ажырату қылмыстық жауапкершілікті әділ тағайындау үшін маңызды. Құқық қорғау органдары кінә нысанын дұрыс сараламаған жағдайда, адам заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылуы немесе керісінше, әділетсіз жеңіл жаза алуы мүмкін. Қасақаналықпен істелетін қылмыстарға қарағанда абайсыздықта істелетін қылмыста зардаптарға қолжеткізуге жігерленген бағыт болмайды, яғни болған зардап пен қылмыс субъектісінің мақсаты, ұмтылысы арасында байланыс болмайды деп айтуға болады.

Қазіргі таңда ғылыми – техниканың дамуына байланысты ғалымдарды осы абайсызда жасалған қылмыстар ғана емес, сонымен қоса оның құрылымы мен даму үрдісі алаңдатады. Абайсызда жасалатын қылмыстардың ішіндегі ең қауіптісі және ауыр зардаптарға әкелетіні адамның техникамен қарым-қатынасы болып танылады.

Негізінен алғанда, абайсызда жасалған қылмыстар өзінің көпжақтылығымен

сипатталады. Осы қылмыстар қоғамдық қатынастардың әртүрлі жағдайлармен жүзеге асады. Олар техникалық құралдарды қолдануда қауіпсіздік ережелерді сақтамаумен және тағы басқа жоғары қауіптілігі бар қайнар көздерден (техникалық абайсыздық); кәсіптік және қызметтік міндеттерге байланысты қатынастарға (кәсіптік абайсыздық) немесе үйдің техникалық құрал-жабдықтарының ережелерін сақтамаумен сипатталады. Техникалық абайсыздық қылмыстарға: өндірісте, ауыл шаруашылығында техниканы қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерді абайсызда бұзу, бұл ауыр жағдайларға әкеп соғады. Кәсіптік, қызметтік абайсыздық қылмыстарға: мемлекеттік құпияны құрайтын құжаттарды абайсызда жоғалту; өзінің қызметіне деген немқұрайлылық; санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу және т.б. Осы абайсызда жасалған қылмыстардың көбісі адамдардың денсаулығына, абайсызда өліміне, мүлкіне зиянын тигізеді. Сонымен қатар абайсызда жасалған қылмыстар басқа да қылмыстармен тікелей байланысты. Осыған орай көптеген ғалымдар абайсызда жасалған қылмыстар туралы өздерінің ой-пікірлерін айтқан болатын.

Кінәнің екі түріне мысал келтіретін болсақ; Тікелей қасақаналық: Бір адам екінші адамға өштесіп, оны өлтіру мақсатында оқ атады ( адам өлтіру ҚР ҚК 99-бабы) , Біреу көшеде басқа адамның телефонын күш көрсетусіз тартып алып кетеді ( тонау ҚР ҚК 191-бабы); Жанама қасақаналық: Мас күйде болған азамат әдейі дүкеннің терезесін сындарды (бұзақылық ҚР ҚК 293-бабы) , Жанжал кезінде бір адамды қатты ұрып, ауыр жарақат алуын себепші болды (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру ҚР ҚК 106-бабы)[3] Менмендік( абайсызда ): Жүргізуші жылдамдықты асырып, жол ережесін бұзып, жаяу жүргіншіні қағып кетеді (ҚР ҚК 345-бабы) ; Немқұрайлылық: Медицина қызметкерінің науқасқа уақытылы қарамай, науқастың денсаулығына орташа зиян келді (ҚР ҚК 317-бабы)

Қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесінде қасақаналық тікелей және жанама түрлерінен басқа да түрлері ажыратылады. Қасақаналықтың пайда болу сәтіне байланысты түрлері:

1. Алдын ала ойластырылған қасақаналық – қылмыс жасалмай тұрып пайда болады. Қылмыс жасау туралы шешім қабылдағаннан кейін оны іске асруға белгілі бір уақыт өтеді.

2. Кенеттен пайда болған қасақаналық – жедел түрде немесе қысқа уақыт ішінде жүзеге асырылады. Мұндай қасақаналық аффект жағдайында жасалған қылмыстарда жиі кездеседі.

Қасақаналықтың нақтылаудың деңгейіне байланысты түрлері:

1. Белгілі қасақаналық – кінәлі қылмыс салдарын нақты елестетеді, зиянның сипатын және оның ауқымын түсінеді, ол осы салдарды тілейді немесе олардың болуын саналы түрде мойындайды.

2. Белгісіз қасақаналық – кінәлі қоғамға қауіпті салдардың орын алатынын жалпы түрде болжайды, бірақ оның нақты мөлшеріне мән бермейді.

3. Альтернативтік қасақаналық – кінәлі екі немесе одан да көп ықтимал салдардың кез келгенінің туындауын теңдей қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің кейбір баптарында ауыр салдардың туындауы қылмысты ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады және қылмыстың сараланған құрамын құрайды. Бұл жағдайда қылмыстың негізгі құрамы субъективтік жағынан қасақаналықпен жасалады, ал ауыр зардаптарға кінәлінің қатынасы абайсыздықпен сипатталады. Осылайша, кінәлінің әрекетінде екі түрлі кінә нысаны қатар кездеседі. Мұндай жағдайлар кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар деп танылады. Мұндай қылмыстар үшін жазаны саралау күрделірек, өйткені кінәнің екі нысаны бірдей есепке алынады. Жазаның мөлшері көбінесе қасақаналықпен жасалған әрекеттің ауырлығына байланысты белгіленеді.

Бұл қылмыстардың саралануы үшін кінәнің арақатынасын нақты анықтау маңызды, өйткені таза қасақаналық немесе таза абайсызда боғйынша қарастырылатын қылмыстардан айырмашылығы бар. Қылмыстық немқұрайдылықтың еркіне қарай сәтінің заңды анықтамасы объективті және субъективті екі шартқа байланысты теория мен сот тәжірибесінде объективті шарт, тұлғаның өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамдық қауіпті салдарының орын алуын алдын ала көре білетіндей, заңға, тұлғаның мамандығы

бойынша мәртебесіне және жалпыға бірдей қоғамдық ережелерге негізделген міндеттерімен байланысты. Абайсыздық қылмыскерлігінің құрылымын айқындау үшін абайсыздық қылмыстарын қылмыстық-құқылық және криминалогиялық белгілері бойынша жіктеу керек. Осыған орай негізгі жіктеу белгілерін таңдау мәселесі туындайды. Ондай белгі ретінде абайсыздық қылмысы кезінде бұзылған қоғамдық қатынастарды /яғни, қылмыс объектісі/ алу ретсіз. Өйткені түрлі объектілерге әсер ететін абайсыздық қылмыстары криминалогиялық тұрғыдан алғанда өзара ұқсас болып келуі мүмкін. Абайсыздық қылмысы нәтижесінде болған зардаптарды да/ заттай, рухани немесе дене жаракдты /жіктеу негізіне алуға болмайды, өйткені нақты болған зардап көп ретте кездейсоқ жағдайға байланысты болады, мұнан өзге көп жағдайда түрлі зардаптардың табуы байқалады. Абайсыздық қылмыстарының құрамын қылмысты нәтижесінің болуына немесе болмауына қарай бөлудің біршама маңызы бар. Бірақ бұл бөлу таза қылмыстық — құқылық мәнге ие, көрсетілген абайсыздық қылмыстар тобының криминалогиялық ерекшеліктерін ашпайды. Ол осы ерекшеліктерден туындайды. Абайсыздық қылмыстарын оқиға болған қызмет саласына қарай жіктеудің криминалогиялық және қылмыстық — құқылық маңызы зор. Бұлайша жіктеу абайсыздық қылмыстарын қоғамдық қауіптілігіне және қылмысты жасау механизміне қарай топтарға бөлуге, осыған орай оған қарсы күрес шараларының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Абайсыздық қылмыскерлігі мынадай екі топқа бөлінуі тиіс: тұрмыстық және кәсіптік. Өз кезегінде тұрмыстық абайсыздық екі түрге бөлінеді:

1. техникалық жабдықтар әрекеті саласынан тыс жерде және техника жабдықтарын, басқа да қауіптілігі жоғары кездерді пайдаланусыз болған тұрмыстық абайсыздық қылмысы;

2. техникалық жабдықтар әрекеті саласында және техника жабдықтары мен басқа қауіптілігі жоғары кездерді пайдалану арқасында болған абайсыздық қылмысы. Кәсіби абайсыздық үш түрге бөлінеді:

3. техникалық жабдықтар әрекеті саласында және техника жабдықтары мен басқа да қауіптілігі жоғары кездерді пайдалану арқасында болған кәсіби абайсыздық қылмысы;

4. таза кәсіби қызмет саласында болған және лауазымдық / басқару/ міндетін пайдалану барысында абайсыздық қылмысы.

Қасақана және абайсызда жасалған қылмыстарға сот практикасынан мысал: Ақмола облысы, Ерейментау аудандық сотында ҚР ҚК 202-бабы Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру қылмыстық ісі қаралып, айыпталушыға 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Алматы қаласы, Әуезов аудандық сотында ҚР ҚК 114-бабы Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру қылмыстық ісі қаралып, айыпталушыға 5 АЕК айыппұл түріндегі жаза тағайындалған. Қасақана және абайсызда жасалған қылмыстардың басты айырмашылығы – қылмыс жасаушының ниеті мен әрекетінің алдын ала ойластырылуы. Қасақана қылмыстарда адам өз әрекетін түсінеді және оның салдарын қалайды немесе оған немқұрайлы қарайды. Ал абайсыздық жағдайында қылмыс жасаушы адам өз әрекетінің қауіптілігін алдын ала білмейді немесе жеткілікті деңгейде бағаламайды. Құқық қорғау органдары кінә нысанын дұрыс анықтау арқылы әділетті жаза тағайындайды, себебі қасақана қылмыстар үшін қатаң жаза қарастырылса, абайсыздықпен жасалған қылмыстарға жеңілдеу жаза қолданылады. [4] Қылмысты абайсыздықпен күрестің криминалогиялық және қылмыстық — құқылық проблемаларын зерттеу ең алдымен бастапқы негізгі түсініктің мазмұны дәл талап етіледі. Абайсыздық қылмыскерлігі, абайсыздық қылмыскер, қылмысты абайсыздық сияқты түсінік категорияларының негізінде ең алдымен абайсыздық қылмысы жөніндегі ұғым жатыр. Айыптың абайсыздық түрінің белгілерін абайсыздық құрылымын есепке алмайынша, дұрыс тұжырымдау мүмкін емес, өйткені, ол құрылым сол абайсыздықтың субъективті жағынан саналады. Абайсыздық қылмыстың қасақана қылмысқа қарағанда өзіндік ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктері абайсыздық қылмыстың субъективті жағын ғана сипаттап қоймайды, сонымен бірге объективті жағын да сипаттайды. Және де объективті жағынан ерекшеліктері субъективті жағынан ықпал етіп отырады. Абайсыздық әрекеттерін жіктеу, оған жаза беру және профилактика кезінде бұл